атамұра

ғылыми-әдістемелік журналы



# АТАМҰРА

## ғылыми-әдістемелік журналы

Астана қаласы, 2024 жыл

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ДАМУ МИНИСТРЛІГІ**

**«ATAMURA EDUCATION» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛЫ**

**АСТАНА 2024**

**Бас редакторы:**
Али Шагизаұлы

**Редакция телефоны:** 8-776-456-56-46

**E-mail:** konkurs@atamura.info

**“Atamura Education” ғылыми-әдістемелік журналы** ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің № KZ83VPY00045192 куәлігімен тіркелген

Астана:«Atamura Education» Республикалық ғылыми-әдістемелік журналы.
2024 жыл

**ISSN 978-234-852-698-1**

«Atamura Education» Республикалық ғылыми-әдістемелік журналы

Айына 1 рет қазақ және орыс
тілінде шығады.

Теруге 01.07.2024ж берілді

Басуға 09.07.2024ж
қол қойылды

Журнал
Atamura Education
баспаханасында жинақталды

**ISSN 978-234-852-698-1** «Atamura Education» ғылыми-әдістемелік журналы, 2024



**Батыс Қазақстан облысы, Бәйтерек ауданы, Мичурин ауылы**
**«Мичурин «мектеп – бөбекжай – балабақша» кешені»**
**Оразова Зинегул Керейкызы балабақша тәрбиешісі**

# Физикалық қасиеттерді дамыту
# Дене шынықтыру іс -әрекеті

**Тақырыбы:** «Түрлі жолдармен жүре аламыз»
**Мақсаты:**

Балаларды "жыланша" ирелеңдеп жүру; аяқты алшақ қойып, балаларда тізені жоғары көтеріп жүгіру; қозғалыс бағытын өзгертіп жүру дағдыларын әрі қарай дамыту; қимылды ойын арқылы топтасып жүру, шармен отырып секіру іскерліктерін жетілдіру.

**Алдын- ала жүргізілетін жұмыс:** Сапта тұру жаттығуларды қайталату.
**Әдіс- тәсілдері:** Жалпы дамыту жаттығуларына дайындық, жалпы дамыту жаттығулары, негізгіқимыл жаттығулары, ""Көңілді кедергі арасымен жүгіру" қимылды ойыны, «Көңілді дөңгелек» қимылды ойыны, «шабандоздар жарысы» секіру ойыны.
**Қажетті көрнекі құралдар:** кішкентай доптар,жалау,шарлар.

**Сөздік жұмыс:**жүріс түрлері,тік тұру,бір тізбекпен жүру.

**Оқу іс әрекетінің барысы:**

1. бір қатар сапқа тұру
2. Сәлемдесу( нұсқауларды орындау)

Кел балалар күлейік
Күлкіменен түлейік

Қабақ шытқан не керек
Көңілді боп жүрейік
Балалар қазір дене шынықтыру оқу қызметі.Дене шынықтыру оқу қызметінде қауіпсіздік ережесін сақтап, жаттығуларды дұрыс жасап,бір бірімізді жаттығу кезінде итермеу керекпіз.

**Арнаулы жаттығулар:**
-тізбекпен жүру; аяқтың ұшымен ,өкшемен жүру,
яқтың сыртқы қырымен жүру,
-қол белде,аяқты кезек-кезек жоғары көтеріп жүру;
-баяу жүгіру.
-жай жүріспен жүру.

**Жан-жақты дамыту жаттығулары:**
**(Кішкентай доптармен)Балалар бір,екі деп санайық.Бірінші нөмерлілер алға бір қадам шығамыз,екінші нөмерлілер орымызда тұрамыз.**

**1.Қол мен иық бұлшық еттеріне арналған жаттығулар:**

«Допты иыққа тигізу»Маған қарап алыңыздар.
Б.Қ: негізгі тұрыс,допты қолмен кеудеге ұстап тұру.
1.Екі қолмен ұстаған допты алға созу;
2.Қос қолдағы оң иыққа тигізу;
Жан-жақты дамыту жаттығулары:
(Кішкентай доптармен)Балалар бір,екі деп санайық.Бірінші нөмерлілер алға бір қадам шығамыз,екінші нөмерлілер орымызда тұрамыз.

**1.Қол мен иық бұлшық еттеріне арналған жаттығулар:**
«Допты иыққа тигізу»Маған қарап алыңыздар.
Б.Қ: негізгі тұрыс,допты қолмен кеудеге ұстап тұру.
1.Екі қолмен ұстаған допты алға созу;
2.Қос қолдағы оң иыққа тигізу;
3.Екі қолмен ұстаған допты алға созу;
4.Қос қолдағы допты сол иыққа тигізу.
5.Бастапқы қалыпқа келу.

**2.Аяқ бұлшық еттеріне арналған жаттығулар:**
«Алға,артқа секіру»
1.Алға қос аяқпен секіру;
2.Артқа қос аяқпен секіру:
3. Бастапқы қалыпқа келу.

**3.Дене бұлшық еттеріне арналған жаттығулар:**
«Еңбектеу»
1.;Кедергілерден шеңбермен қолымызды белімізге ұстап өз өзімізді итеру арқылы секіріп,ұзына бойы жатқан гимнастикалық орындықтан төрт тағандап еңбектеп өтеміз ,бітуге қалған жағдайда орнымыздап тұрып белімізді ұстап секіріп түсеміз

Тыныс алу.
-тік тұру;
-Допты алақанға қою.
-Алақандағы допты үрлеу.

(Мұрынымен ауа жұтып,ауызбен дем шығару)
қимылды жаттығулары.
Балалар дамыту жаттығуларын жасадық.Енді бүгінгі оқу қызметінің тақырыбы: әртүрлі жолдармен жүру.Ол үшін екі топқа бөлінеміз.Бірінші ойынымыз

**"Көңілді кедергі арасымен жүгіру" ойыны:**
1.Ойын шартын түсіндіру.
Ойын жарыс түрінде өтеді. Балалар белгілеген межеге дейін кедергі арасымен жүгіріп барып,жалауды алып қайту керек. Келесі балаға жалауды береді,ойын жалғасады.
Қай топтың балалары толықтай жүгіріп келеді, сол топ жеңіске жетеді.

1. «шабандоздар жарысы» Шармен межеге дейін секіріп барып,қайту керек.Шарды келесі балаға беру керек болады.Қай топ тез келсе сол топ жеңіске жетеді.
2. Бізде қай топ бірінші келді.Аюптың тобы жеңіске жетті.Құттықтаймыз.

1.Балалар дене шынықтыру ұйымдастырылған оқу қызметі ұнады ма?Барлығыңызда жақсы қатыстыңыздар.
Спорт,спорт,спорт
Денсаулыққа пайдалы
Секіртіп,әрі жүгіртіп
Жаттықтырған адамды.
2.Балаларды мақтап,мадақтау.
Балалар сендер оқу қызыметіне жақсы қатыстыңдар.Денсаулықтарың мықты болсын.

| | |
|---|---|
| **ҰМЖ: 4. Үй мәдениеті**<br>**Күні: 16.05.2023**<br>**Класс: 8** | **Мектеп: Аққайың ЖББОМ**<br>**Мұғалім: Нуралина А.Т.**<br>**Қатысқандар: Қатыспағандар:** |
| **Сабақтың тақырыбы** | **Өсімдіктердің медицинада, фитотерпия мен косметологияда қолданылуы** |
| **Осы сабақта орындалуы қажет оқу мақсаты** | 8.2.5.2-Фитотерапия мен косметика, медицинадағы өсімдіктер ролін зерделеу, талқылау және бағалау |

Сабақ барысы

| Сабақ кезеңі | Педагог әрекеті | Оқушы әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы<br>3 минут | 1 Ұйымдастыру.<br>✓ Сәлемдесу;<br>✓ Психологиялық климат қалыптастыру. | Тренингке қатысады. | | Тапсырма орындауға қажетті құралдар |
| Сабақтың ортасы<br><br>35 минут | ✓ «Емдік шөптер» және «Орман жидектері» деген атаумен класты жұпқа бөлу;<br>✓ Өткен тақырыпты қайталау:<br>- «Пазлды жина» әдісімен сұрақтарға жауап алу;<br>1.ең ежелгі медицина ғылымының бірі, оның тарихы 7 мың жылдан астам уақытты қамтиды<br>2. Фитошай сөзінің мағынасы;<br>3. 4000 жыл бұрын косметика мен косметикалық заттарды қолданған ең көне мемлекет;<br>4. Емдік қасиетке ие өсімдіктер саны;<br>5. Жолжелкен шөбін қолдану мақсаты;<br>6. Шайдың отаны;<br>7. Қарашаның алғашқы қарымен жиналатын, емдік-дәрілік орман жидегі;<br>8. Нерв ауруларын емдеуге | Сұрақтараға жауап береді | Дескриптор:<br>Жалпы балл: 2<br>- Сұрақтарға жауап берді; | Тапсырма орындауға қажетті құралдар |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | арналған дәрілерге қолданылатын, хош иісті өсімдік<br><br>-Шай әзірлеудің технологиялық картасын реттілігі бойынша құрастырып шығу:<br>1. Су қайнату;<br>2. Аққұманды ыстық сумен шаю;<br>3. Аққұманға 2 шай қасық қажетті құрамдағы шамба салу;<br>4. Аққұманның 1/3 бөлігіне қайнаған су құю;<br>5. Аққұманды майлықпен жауып, 3-5 минутқа бұқтырып қоямыз;<br>6. Дайын шайға қайнаған су құйып толтырамыз;<br>7. Шайды кесеге құйып, дайын шайдың дәмін көру.<br>Дайын шайға қойылатын талаптар: шамбаның болмауы, шайға тиесілі әдемі түске ие болуы.<br>✓ Практикалық жұмыс: Асханадағы ТҚЕ; Асханада жұмыс жасаудың санитарлық-гигиеналық талаптарын қайталау.<br>- Сабақ басында бөлінген жұптардың атына сәйкес, екі жұп екі түрлі шай әзірлейді.<br>- Шай демделіп болғанша, дастарқан әзірлейміз.<br>Жұмыс барысында оқушыларға сұрақ қойылып, | Тех.карта құрастырады<br><br>Шай әзірлейді;<br><br>Дастарқан жабдықтайды;<br><br>Шай құрамына түсінік береді. | - Тех.карта құрастыра алды.<br><br>Дескриптор:<br>Жалпы балл: 8<br>- ТҚЕ біледі;<br>- Шай әзірлей алады;<br>- Дастарқан жабдықтайды; | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | алған ақпараттарды бекітіп отырамыз. | | | |
| Сабақ соңы<br>7 минут | Сабақты қорытындылау.<br>«Әлеуметтік желі» әдісі бойынша кері байланыс жасау. | Оқушылар сабаққа өзінің пікірін жазады. | | Тапсырма орындауға қажетті құралдар |

**Қонаев қаласы Шеңгелді ауылы**
**"Ақбота" бөбекжай-балабақшасы**
**Орындаған: Ересек тобының тәрбиеші Джорабекова Аширкул Исахановна**

**Тақырыбы:** «Гүлдер әлемі»

**Шаттық шеңбері:**
Жылы-жылы жүзбенен
Күлімдейін қарайын
Жылы-жылы жүзбенен
Жүрегімді сыйлайын.
Амандасып өзіңмен,
Құшақтасып алайын!

Балалар бір жылда неше мезгіл бар?
-Қазір қандай мезгіл?
-Бір мезгілде неше ай бар?
-Қыс мезгілінің айларын атап беріңдерші?
-Бір аптада неше күн бар?
-Бүгін аптаның қай күні?
-Қыс мезгілінде табиғатта қандай өзгерістер болады?

Сурет бойынша әңгімелесу.
— Күн салқын болады. Адамдар қалың киінеді.

Топ балаларын гүлдер түрлерімен топқа біріктіру

1 топ – гүлдерді жүрекшеге орналастыру
**Шарты:** Гүл күлтешелерін жүрекшелерге мақта таяқшаларымен орналастыру

2 топ – күлтешелерді түрлі түстерге бояу
**Шарты:** қағаз майлықтарынан жасалған гүл күлтешелеріне су бүркей отырып, гүлдерді түрлі түстерге бояу

3топ – санмен күлтешелерді сәйкестендіру
**Шарты:** гүл күлтешелерін санай отырып, бөтелке қақпақшаларындағы сандармен сәйкестендіру.

4 топ – гүлдерді ашу
**Шарты:** күлтешелерге су бүркей отырып, гүлдерді ашу.

**Сергіту**
Ұзын мұртты құмырсқа
Келе жатыр жұмысқа.
Алды допты қолына
Жерге қойды жолына,
Оңға қарады, солға қарады,
Үлкен тау деп ойлады.

5 топ – гүлдерді сәндейміз
**Шарты:** түрлі-түсті құмдармен құмырадағы гүлдерді сәндеу.
Қорытынды:

6 топ – жауқазын
**Шарты:** фетрдан ойылған ою жауқазын гүлінен текемет жасау

7 топ – шарларға сурет салу
**Шарты:** үрленген шарларға түрлі түсті гүл салу

**Қорытынды:**
-Балалар бүгінгі ұйымдасытрылған іс-әрекет ұнады ма?
-Сендер не жайлы білдіңдер? Нелер жасадық?

Қарағанды облысы, Шет ауданы,С. Сейфуллин кенті
Жарық жалпы білім беретін мектептің
Бастауыш сынып мұғалімі педагог-зерттеуші
Қабан Күлдана

Ашық сабақ

| | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымының атауы** | Жарық ЖББМ |
| **Пәні:** | Ана тілі |
| **Бөлім:** | Мәтін және сөйлем. |
| **Педагогтің аты-жөні:** | Қабан Күлдана |
| **Күні:** | 29.02.24 |
| **Сынып:** | 1 сынып |
| **Сабақтың тақырыбы:** | №41 сабақ. Жапалақ |
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:** | 1.1.3.1* тақырыбы мен иллюстрациясы бойынша мәтіннің мазмұнын болжау;<br>1.3.5.1 мұғалімнің қолдауымен сұрақтарға жауап беру, мәтінді түсініп оқу, |
| **Сабақтың мақсаты** | Мәтіннің мазмұнын болжайды. Мәтінді түсініп оқиды.Мұғалімнің қолдауымен сұрақтарға жауап береді.<br>Мәтінді көшіріп жазады және есте сақтайды сақтау арқылы жазуды. |
| **ЕББҚ**<br>**1-топ және ІІ -топ** | Мұғалімнің қолдауымен сұрақтарға жауап береді.<br>Мәтінді көшіріп жазады.<br>Сәйкестік тестін табады.<br>Сөздерден мақал құрап жазды. |
| **Құндылықтарға баулу** | Ұлттық мүдде: Ұлттық ойындар ішіндегі «Ақсүйек» «Қалқан» ойындары дәріптеледі. |

Сабақтың барысы

| Сабақтың кезеңі уақыты | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | **Ресурстар** |
|---|---|---|---|---|
| *Сабақ тың басы*<br>5 минут | Психологиялық ахуал қалыптастыру<br>Амандасу<br>Жақсы оқып сабақты<br>Әдеп сақтау сәніміз<br>Сәлем бердік сіздерге<br>Басымызды иеміз!<br>Өткенді пысықтау | Оқушылар амандасады.<br>Бір-біріне сәттілік тілейді. | Жарайсың!<br><br>Сәттілік тілейді<br><br>Тамаша! | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Өткенді пысықтау<br>5 минут<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>*Сабақ тың ортасы*<br>20 минут | **«Сыр сандық» әдісі**<br>Сандық ішінде тапсырмалар<br>Сыр сандықты ашып қара<br>Ашып қара сырласым<br>Сым пернені ашып қара<br>Басып қара жырласын<br>Сыр сандық тапсырмасы мозаика құрастырады.<br>1-топ. «жапалақ».<br>2-топ. «Үкі».<br>3-топ. «Бұлбұл».<br>***Автор сөйлейді***<br>Оқу — білім қазығы,<br>Адамның азығы.<br>Оқу өмірдің сәні,<br>Тіршіліктің шамы.<br>Сәкен Сейфуллин<br>**Білім баспалдағы**<br>Әр тапсырманы орындаған сәтте бір баспалдақ көтерлесіңдер.<br>Соңында «Бәйтерек» басына жетесіңдер үлкен жетістік.<br>– Балалар, осы үш топ атауынан қандай сөз құрастыруға болады?<br>**Жаңа сабақ**<br>Құстардың ішінде қандай да бір қасиетімен ерекшеленетінін құстарды білесіңдер ме?<br>**Тақырыбы бойынша мәтінді болжайды.**<br>Иә, балалар, жапалақ ерекше құс екен. Ендеше, қазір оқитын, таныс болатын мәтініміздің тақырыбы **«Жапалақ»** деп аталады.<br>**Оқулықпен жұмыс**<br>Мәтінді тыңда мұхият тыңда<br>«Қабырғада оқыту» әдісі<br>Тоттық жұмыс<br>«Бағыталған оқу» әдісі<br>**«Ақсүйек ойыны»**<br>Ақылды үкі тапсырмасы Үкі Ақ сүйектің қайда екенін айтады.Іздеп тауып сұраққа жауап бересің | Сыр сандықты ашады.<br><br><br><br><br><br>Нақыл сөзді тыңдайды.<br><br>Қима қағаздарды құрастырады.<br><br>Құстар- біздің досымыз! Білетіндерін айтады.<br><br>мәтіннің мазмұнын болжайды.<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>Топта жұмыс жасайды<br>Мәтінді түсініп оқиды.<br><br>Еске түсіру арқылы оқиды. | <br><br>Нақыл сөздің мағынасын ашады.<br><br><br>Жарайсыңдар Тамаша!<br><br><br><br><br><br><br>Сұрақтарға жауап береді.<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>Дескриптор:<br>Мәтінді түсініп оқиды.<br>Қалдырылған сөздерді тауып оқиды.<br>ЕББҚ айтады.<br><br>Дескриптор: | <br>жылы сөздер себеті<br><br><br><br><br><br><br>Таратпа материал<br><br>Оқушы жұмыстары |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Сергіту сәті<br>2 минут | Үкі қандай құс?<br>Жапалақ туралы не білесің?<br>Бұлбұл құс жайында не білесің?<br>Жаплпқтың көзі ...<br>Жапалақтың пайдасы ...<br>Құлағының пайдасы...<br>ФС тапсырмасы<br>Мәтін не туралы?<br>Жапалақ неге түнде ұшады?<br>Түнде ұшатын тағы қандай құстар бар?<br>**Дәптермен жұмыс**<br>**Көркем жазу**<br>**Э Э**<br>Көркем жазуды орындайды.<br>Мұнда жазылуы қиын сөздерді қайталап жазу барысында естеріне сақтап қалады.<br>**2-жаттығу.**<br>Сөйлемдерді сауатты көшіріп жазуға тырысыңдар.<br>Жапалақтардың есту қабілеті өте жоғары.Олар алыстан жақсы көреді.<br>ЕББҚ<br>Сәйкестік тестін табады.<br>Сауысқан ----------- шақырады<br>Әтеш ----------- саңқылдайды<br>Қарға ----------тыраулайды<br>Тырна сайрайды<br>Бұлбұл қарқылдайды<br>**Жұмбақ**<br>Жайнаған бақтың әншісі,<br>Тамсанған оған сан кісі.<br>Сайраудан бір талмайды,<br>Әнші құс бал таңдайлы.<br>**«Қалқандар» әдісі**<br>Жапалақтың есту қабілеттері<br>а) төмен ә) орташа б) жоғары<br>Жапалақ дыбысты қалай естиді?<br>а) естімейді ә) алыстан б) жақыннан<br>Құстардың қандай пайдасын бар? | Түсінгендерін бір-біріне айтады.<br><br>Еске түсіру арқылы оқиды.<br><br>Сұраққа жауап береді.<br><br>Өз ойларын айтады<br><br>Дәптермен жұмыс жасайды<br><br>Жеке жұмыс жасайды<br><br>Тапсырманы орындайды<br><br>Жұмбақты оқиды.<br>Жауабын табады.<br>Сөздерден мақал құрап жазады.<br><br>Кері байланыс жасайды<br><br>Өзін-өзі | Мұғалімнің қойған сауалдарына жауап береді.<br>мазмұнын әңгімелеп береді<br>ЕББҚ жауап береді.<br><br>Керемет!<br>Дескриптор:<br>Сөйлемдерді сауатты көшіріп жазуды.<br>ЕББҚ жазады<br><br>Дескриптор:<br>Сәйкестігін табады.<br><br>Дескриптор:<br>Жұмбақты шешеді<br>Бұлбұл құс туралы әңгімелейді.<br>ЕББҚ айтады.<br>Керемет! | <br><br>educaplay<br>«Бәйтерек» әдісі<br> |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| *Сабақты қорыту* 6минут<br><br>Кері байланыс 5 минут | а) жоқ ә) пайдалы б) зиянды<br>Шығармашылық жұмыс<br>Сөздерден мақал құрап жаз.<br>https://www.educaplay.com/learning-resources/18003845-learning_resource.html<br>Оқу –білім азығы<br>Білім –ырыс қазығы<br>Күш - Кітапта<br>Білім - білімде<br>Кері байланыс<br>Ал, оқушылар біздің кентіміз қалай аталады?<br>С. Сейфуллиннің білімді шәкірті ретінде не істей аласыңдар?<br>Баспалдақпен көтеріліп биікке жеттіңдер!<br>С.Сейфуллин кентінің білімді оқушылары білімдерін биіктен көрсетті. Сол үшін «Ең білімді топ» оқушыларғана табысталады. | бағалайды<br><br>Мақалды оқиды<br><br> | Дескриптор:<br>Сәйкестендіреді Мақалдың мағынасын ашады.<br><br>Мақалды сәйкестендіреді.<br><br>«Бәйтерек» әдісі | |

**Білім беру саласы: Таным**
**Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті**: ҚМТҚ (қарапайым математикалық түсініктерді қалыптастыру).
**Тақырыбы**: Ертегілер еліндегі ғажайып математика
**Мақсаты**: Білімдерін тиянақтау.
**Білімділік:** Баланың қарапайым математикалық түсініктерден алған білімін ойындар арқылы тиянақтау, геометриялық пішіндерді танып, ажырата білуін жетілдіру, қарапайым сан мен санау түсініктерін қалыптастыру, апта күндерін ажырата білуге үйрету.
**Тәрбиелік**: Ойынның шартын сақтап ойнауға, ұйымшыл, көпшіл, шыдамды, сабырлы, шапшаң болуға тәрбиелеу.
**Дамытушылық**: Сандарды тура, кері санауға үйрету, логикалық ойын арқылы баланың қиялын, ой – өрісін, есте сақтау қабілетін дамыту.
**Пәнаралық байланыс**: Сөйлеуді дамыту, математика, әлеуметтік орта, шығармашылық
**Көрнекілігі:** Геометриялық пішіндер, тура, кері санауға арналған сандар, санауға арналған қонжық маскалары, әр баланың алдына үлестірмелі материалдар, алма ағашының макеті, алманың муляжы, үйшік макеті, ертегі кейіпкерлері, слайд тақта.
**Билингвальді компонент:** бір – один, екі – два, үш – три, төрт – четыре, бес – пять.

| Оқу қызметінің кезеңдері | Педагогтың іс – әрекеті | Балалардың іс – әрекеті |
|---|---|---|
| **Мотивациялық қозғаушылық** | **Шаттық шеңбері**<br><br>Дөңгелене тұрамыз,<br>Шеңберді біз құрамыз,<br>Қол ұстасып бәріміз<br>Ақ тілекті жолдайық<br><br>Жарайсыңдар, балалар!<br><br>Жылдың қай мезгілі?<br>Көктем айларын кім айтады? | Әлемде нұр тыныштық,<br>Әрбір үйде күн ыстық<br>Қайырлы таң балабақша<br>Қайырлы таң достарым<br>Достарымды көргенде<br>Қуана қарсы аламыз<br>Сәлем, сәлем, сәлем!<br>Қимылдармен орындайды.<br>Көктем мезгілі<br>Наурыз, сәуір, мамыр |
| **Ұйымдастырушы-** | Қымбатты балалар, қандай ертегі білесіңдер?<br><br>Олай болса, Маша мен аю ертегісінің қойылымын тамашалаймыз!<br>Балалар, бүгін біз ертегілер еліндегі ғажайып пішіндермен таныспақпыз. Ерте, ерте, ертеде бір әсем сарайда Маша атты бір ерке қыз өмір сүріпті, | «Маша мен аю», «Түлкі мен ешкі», «Қасқыр мен қоян», «Әтеш пен тотықұс», «Айна», т.б |

| | | |
|---|---|---|
| **лық ізденістік** | оның әдемі сарайы болыпты. Сол сарайда жалғыз тұрыпты. Жалғыз тұрып іші пысқан Маша былай деп армандайды:<br><br><br><br><br>Осы кезде біреу есік қағады.<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>**1 - тапсырма**. Бір аптада неше күн бар?<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>Біздің балаларда апта күндерін айтып береді.<br><br>Бір кезде Қасқыр келеді. | **Маша;** Інжу:<br>О, шіркін? Менің мынадай сарайымда көп достарым болса ғой! Мен олармен бірге есеп шығарып, ойнап көңіл көтерер едім.<br>**Аю:** (Жансейіт) Кім бар мына әсем сарайда? Рұқсат болса кірейін.<br>Маша: Мен Машамын. Сен кімсің?<br>**Аю**: Мен Аюмын. Мен үшбұрыш ала келдім, сені таныстырайын, оның үш бұрышы, үш қабырғасы, үш төбесі бар. Ол тура сенің үйіңнің төбесіне ұқсайды.<br>**Маша**: А солай ма, мен білмеппін. Үйге кіру үшін менің тапсырмамды орында.<br>Бір аптада жеті күн бар.<br>Дүйсенбіде доп ойнадым далада<br>Сейсенбіде серуен құрдым қалада<br>Сәрсенбіде сурет салдым сәндетіп<br>Бейсенбіде би биледім әндетіп<br>Жұма күні жидек тердім ағаштан<br>Сенбі күні кино көрдім клубтан<br>Жексенбіде үйде болдым дем алдым<br>Осылайша өте шықты бір апта.<br>**Маша:** Жарайсың! Кіре ғой сарайға. |

| | | |
|---|---|---|
| | **2 - тапсырма**<br>1 - ден 5 - ке дейін тура, кері санап бер.<br>0 1 2 3 4 5 5 4 3 2 1 0<br>біздің балалар да 1 – ден 5 – ке дейін тура және кері санайды.<br>**Ойын**: Көршісін тап<br><br>**3 - тапсырма.**<br>Алма ағашта бес алма<br>Қандай тәтті жесе алма,<br>Бесеуінде жеп қойсаң<br>Қалады онда неше алма.<br><br>: Балалар мен сендерге осындай есеп айтайын кім шешеді екен?<br>Төрт қонжық орманда<br>Келе жатты қорбандап<br>Біреуі шаршады<br>Әрмен қарай бармады.<br>Жарайсыңдар! | **Қасқыр:**(Мөлдір) бұл сарайда кім тұрады?<br>**Маша**: Мен Машамын, сен кімсің?<br>**Қасқыр**: Мен қасқырмын. Менің қолымдағы төртбұрыш, оның төрт бұрышы, төрт қабырғасы бар. Ол теледидарға ұқсайды.<br>**Маша**: Солай екен ғой, үйге кіру үшін менің тапсырмамды орында.<br>0 1 2 3 4 5 5 4 3 2 1 0<br>Маша: Дұрыс, үйге кіре ғой<br>балалар 3 тілде орыс, қазақ, ағылшынша) санайды.<br>балалар сандардың көршісін табады.<br>**Қоян**(Гауһар): Бұл әсем сарайда кім тұрады?<br>**Маша**: Мен Машамын, сен кімсің?<br>**Қоян**: Мен қоянмын, Мен саған таныстыруға дөңгелек әкелдім., оның бұрышы жоқ, допқа, күнге ұқсайды.<br>**Маша**: мм, қане маған берші, Үйге кіру үшін мына тапсырманы орындайсың.<br><br>**Қоян:** 0 алма.<br>Маша: Дұрыс айтасын, кіре ғой.<br><br>3 қонжық |

| | | |
|---|---|---|
| | **4 - тапсырма.** 1 - ден 5 - ке дейін санамақ айтып бер.<br><br> Жарайсың Түлкі.<br>Енді біздің балаларда санамақ білетін болар, қане кім айтып береді?<br>**Сергіту сәті:**<br>Бойды сергек тік ұста<br>Емін - еркін тыныста<br>Оң қолыңды соз алға<br>Қол ұшына қарада<br>Үшбұрыш сыз ауада<br>Сол қол босқа тұрмасын<br>Шеңбер жасап тынбасын.<br>Тәрбиеші: Енді балалар аңдарды ортаға шақырып отырғызайық.<br>**5 - тапсырма**. Саусақпен санап үйренейік:<br>Бес кәмпитім көп еді,<br>Сараңдығым жоқ еді.<br>Бір кәмпитім атаға,<br>Бір кәмпитім әжеге,<br>Бір кәмпитім мамаға,<br>Бір кәмпитім папаға.<br>Өзімеде жете ме?<br>Қорытынды.<br> Балаларға пішіндерге ұқсас заттарды  слайдтан көрсету. | Осы кезде түлкі кіріп келеді.<br>**Түлкі**: Мына әсем сарайда кім тұрады?<br>**Маша**: Мен Машамын, сен кімсің?<br>**Түлкі**(Самал). Мен түлкімін. Менің қолымдағы шаршы пішіні.<br>Оның төрт бұрышы, төрт қабырғасы тең.<br>**Маша**: Солай екен. Онда сен менің тапсырмамды орында.<br>Самал:<br>Бір дегенің бесік,<br>Содан шықтық өстік.<br>Екі дегенің елім,<br>Өзен тауым көлім<br>Үш дегенім үміт,<br>Үміт артар жігіт<br>Төрт дегенім төзім,<br>Төзе білім өзім<br>Бес дегенім бақыт,<br>Бағалайтын уақыт.<br>балалар санамақ айтады.<br><br>Саусақпен санау арқылы |

| | | |
|---|---|---|
| | Балалар пішіндер туралы тақпақтар айтайық:<br><br>**6 – тапсырма: «Сан және цифр»** ойыны.<br>Үлестірмелі материалдармен жұмыс. Балалардың алдында 1 – ден 5 – ке дейінгі сандар жатады. Балаларға 1,2,3,4,5 зат бейнеленген карточкаларды кезек – кезек көрсету. Педагог белгілі бір карточканы көтерген кезде балалар соған сәйкес санды көтеруі тиіс.<br><br>**7 - тапсырма**. Балаларға логикалық сұрақ:<br>Айгүлдің мамасы дүкеннен екі төртбұрышты доп сатып әкелді. Оның біреуін бөпесіне берді. Нешеуі қалды? (1)<br>Ағашқа бес торғай қонды, оның екеуі ұшып кетті. Ағашта неше торғай қалды?<br><br>Сандар шығып тақпақтарын айтады: | шешуін айтады.<br><br>1. **Тұмар**:<br>Пішіндерді үйрендім<br>Қабырғасы тік сайлы.<br>Үш бұрыш бұл үйлердің<br>Шатырына ұқсайды.<br>**2. Рамазан**:<br>Бөлініп - ап екіге,<br>Отырған сәт шетінде.<br>Төртбұрышта ұқсайды<br>Үстелдердің бетіне.<br><br>Балалар заттың санына сәйкес келетін цифрды көтереді.<br><br>Төртбұрышты доп болмайды.<br><br>3 торғай қалды.<br><br>**1. Иса**: Мені білгін келсе,<br>Мен таяқша бірмін.<br>Барлық санға жол бастап,<br>Ең басында тұрамын.<br>**2. Сезім:** Бірден кейін тұрамын,<br>Сандар іші тұрағым.<br>Бірге бірді қосқанда,<br>Иіліп мен шығамын.<br>**3.Саян:** Екіден соң әрқашан |
| **Рефлекциялық-түзетушілік** | | |

| | | |
|---|---|---|
| | - Балалар сендерге ертегі ұнады ма?<br>- Біздерге қонаққа нелер келді? | Үш саны боп қаламын.<br>Қос мүйізі майысқан<br>Ұлттық ою саламын.<br>**4. Ақбаян:**<br>Достар мені төрт дейді<br>Беске бірім жетпейді<br>Бірақ үшке ағамын<br>Жақсысымын бағаның<br>**5. Инабат :**<br>Әр қолда саусақ бес - бестен<br>Шықпас тегін ол естен<br>Біліп санның шамасын<br>Мысал ойлап табасың. |
| | Балалар сіздерге машаның кәмпиті бар екен. Балаларды Маша мадақтайды.<br>Рольдегі балалармен таныстыру:<br>Маша – Інжу<br>Аю – Жансейіт.<br>Қасқыр – Мөлдір.<br>Қоян – Гауһар.<br>Түлкі – Самал.<br>Осымен бүгінгі «Ертегілер еліндегі ғажайып математика» атты ұйымдасқан оқу қызметіміз аяқталды. | Балалар сұрақтарға жауап береді.<br><br>**Маша**: Сендермен бірге ойын ойнап, есеп шығарып, көңілімді көтергендеріне қуаныштымын. Сіздерге ризамын.<br><br>Қол ұстасып тұрайық<br>Шеңберді біз құрайық.<br>Көріскенше күн жақсы,<br>Сау саламат болайық! |

**Күтілетін нәтиже:**

**Нені біледі:** Балалар геометриялық пішіндерді атап, ертегі кейіпкерлерін дұрыс атай білді,

**Игеру керек**: Дамытушы ойындар арқылы ой қабілеттерін дамыту. Сандарды ажыратуды, кері тура санауды, сұрақтарға дұрыс жауап беруді игеру керек.

**Меңгеру керек**: Геометриялық пішіндерді ажыратуды, ертегі кейіпкерлерін шатаспай меңгергендері байқалады.



Мерзімдік басылым
лицензия нөмірі №KZ83VPY00045192

атамұра
ғылыми-әдістемелік
журналы

Қазақстан Республикасының
Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі
Республикалық «Atamura Education»
ғылыми-әдістемелік журналы

9 771234 567898

www.atamura.info konkurs@atamura.info 8 (776) 456 56 46